



Белсенді
жұмыстар
атқарылуда

3



Байлыныс –
әскер
негізі

8



ҚАРЖЫГЕРЛЕРДІҢ
ТӨЛ МЕРЕКЕСІ

9



ОТAN
Часовой Родины

SAQSHYSY



№ 45 (6130) 9 қараша 2024 жыл

QR UQK SHEKARA QYZMETINIŇ APTALYQ GAZETI

«ШЕКАРАШЫ БОЛДЫМ,
МІНЕКИ»



6-7-беттерді қараңыз

Сложная, но очень важная работа

Мангистауская область – регион с протяженной морской и сухопутной границей, сложными климатическими и географическими условиями. Тем не менее, стражи границы регионального департамента неустанно и профессионально выполняют возложенные на них задачи, обеспечивая пограничную безопасность на вверенном рубеже.



О повседневных особенностях службы пограничников рассказал первый заместитель начальника Департамента Пограничной службы КНБ по Мангистауской области – начальник штаба, капитан 1-го ранга Данияр Мальчубаев.

– Господин капитан 1-го ранга, расскажите, пожалуйста, о ключевых задачах, стоящих перед Департаментом в текущем году? Какие приоритеты могут измениться в будущем?

– Основная задача нашего департамента осталась неизменной: защита и охрана Государственной границы Республики Казахстан на суше и на море, обеспечение целостности и неприкосновенности Государственной границы, поддержания законности и установленного порядка в пограничном пространстве.

Это в свою очередь включает пропуск через государственную границу людей, грузов и товаров, контроль установленных пограничных режимов на границе, в пунктах пропуска, пограничной зоне, территориальных и внутренних водах и континентальном шельфе, а также разрешение пограничных инцидентов.

С учетом развивающейся геополитической ситуации и роста экономической активности в каспийском регионе, мы уделяем больше внимания организации взаимодействия с региональными партнерами и внедрению новых технологий. В будущем мы планируем расширить наши возможности на море, особенно в связи с открытием новых торговых маршрутов.

– Учитывая специфику Мангистауской области, какие конкретные меры предприняты для обеспечения безопасности региона? Какие технологии и оборудование активно внедряются для усиления защиты границы и повышения эффективности действий пограничников?

– Руководством Пограничной службы приняты исчерпывающие меры по созданию современной пограничной инфраструктуры, позволяющей выявлять и нейтрализовать все существующие и возможные угрозы в пограничной сфере.

Во-первых, для усиления охраны морской границы произведен закуп современных сторожевых кораблей и катеров, а также модернизированы уже имеющиеся на вооружении образцы. Эти корабли и катера, произведенные отечественным кораблестроительным заводом «Зенит», оснащены усовершенствованными системами навигации и связи, гидроакустическими станциями для охраны подводной среды и имеют повышенные тактико-технические характеристики. Все это позволяет своевременно обнаруживать и пресекать нарушения в наших территориальных и внутренних водах.

Кроме того, расширен парк специализированных автомобилей, включая авто-



машины высокой проходимости и автомобили, оснащенные оптико-электронной системой наблюдения. Данные образцы позволяют патрулировать зоны, ранее недоступные для стандартной техники, обеспечивая круглогодичный мониторинг в любых погодных условиях.

Кроме того, произведено оснащение и интеграция имеющихся стационарных радиолокационных станций тепловизионными системами наблюдения, что значительно улучшило возможности по отслеживанию перемещений в условиях плохой видимости, таких как ночное время или густой туман, характерный для прибрежных районов.

В 2026 году в пунктах пропуска планируется внедрение мультибиометрических терминалов E-Gate для бесконтактного пропуска лиц. Эти терминалы, оснащенные считывателем для паспортов, тактикоскопическим сканером и устройством для распознавания лица повысят пропускную способность пунктов пропуска, снизят риски ошибок в идентификации, а также обезопасят военнослужащих от возможных случаев передачи инфекций, особенно в период пандемий и сезонных эпидемий.

В целях быстрого реагирования на изменения обстановки и проведения мониторинга удаленных участков гра-



ницы, во взаимодействии с областным акиматом произведен закуп и апробация опытных образцов беспилотных летательных аппаратов. Данные беспилотники уже показали свою эффективность, поэтому в следующем году мы планируем наращивать совместные усилия в данном направлении.

– Данияр Серикович, какие меры предпринимаются для предотвращения браконьерства и защиты популяций осетровых пород рыб в Каспийском море?

– Для защиты биологического разнообразия Каспийского моря, во взаимодействие с казахстанскими природоохранными структурами и пограничными

ведомствами Азербайджана и России проводится комплекс совместных мер.

Ежегодно в период нереста осетровых организуются совместные оперативно-профилактические мероприятия, направленные на сохранение популяции ценных пород рыб и пресечение незаконного вылова.

За последние несколько лет благодаря таким совместным усилиям удалось значительно сократить количество случаев незаконного вылова осетровых, изъять у браконьеров тысячи нелегальных сетей и орудий лова. В настоящее время наблюдается стабильный рост численности осетровых пород в каспийском море, что подтверждает эффективность принятых нами мер.

Стоит отметить, что только в этом году в период совместных действий было задержано 187 нарушителей пограничных режимов и 6 нарушителей правил рыболовства. Выпущено в естественную среду обитания 7,7 тонн рыб осетровых и 54 тонны частиковых пород, 77 черепашек и 86 тюленей. Задержано 92 маломерных главлесредств, изъято свыше 320 километров сетей, 30 километров крючковых снастей и 26 тыс. крючьев. Предотвращенный экономический ущерб государству оценивается в размере 3 млрд. тенге. Сотрудничество в

этой области будет продолжено и в дальнейшем.

– Каким образом организуется профессиональная и боевая подготовка личного состава? Какие навыки наиболее важны для пограничников региона?

– Профессиональная подготовка военнослужащих департамента организуется в форме групповых занятий, полевых сборов, практических учений и стрельб. Особое внимание уделяется развитию тактических навыков, адаптивности и устойчивости. Основной упор мы делаем на принятие офицерами оперативных решений в условиях повышенного напряжения и стресса.

Для этого мы проводим оперативно-тактические и командно-штабные учения на море и суше. Например, в этом году было проведено три таких учения: одно – во взаимодействии с подразделениями Вооруженных сил и Национальной гвардии, одно учение на море во взаимодействии с пограничными ведомствами России и Азербайджана, одно – самостоятельно. По итогам этих учений личный состав приобрел высокие навыки взаимодействия и принятия решений в условиях реального времени.

– Как, по Вашему мнению, изменилась работа департамента за последние годы? Какие реформы или нововведения оказали наиболее заметное влияние?

– В последние годы мы перешли к более технологически ориентированному подходу охраны границы. Внедрение современных технических средств охраны границы, значительно преобразовали нашу деятельность, позволяя нам своевременно выявлять потенциальные риски и оперативно реагировать на любые нарушения.

Существенное влияние на развитие также оказали реформы, инициированные руководством Пограничной службы. Так, реорганизация ведомства, проведенная в 2020 году, не только внедрила территориальный принцип охраны границы, но и укрепила взаимодействие территориальных подразделений с местными органами власти и правоохранительными структурами. Эти изменения позволили улучшить координацию на местах, ускорить обмен информацией и повысить эффективность работы.

– Как департамент поддерживает связь с населением Мангистауской области и сотрудничает с местными сообществами в вопросах приграничной безопасности?

– Мы поддерживаем открытый диалог с местным населением и считаем эту работу одной из главных направлений в нашей деятельности. С каждым годом между пограничниками и местным населением налаживаются более доверительные отношения. Во многом этому способствуют разъяснительные беседы и встречи, проводимые с жителями приграничья офицерами пограничных отделений, отделов и управлений. Жители зачастую первыми замечают подозрительную активность, и сообщают нам о правонарушениях в приграничье.

Есть у нас и добровольные дружины, которые помогают в борьбе с нарушителями пограничных режимов, браконьерами, незаконными мигрантами. Мы же, в свою очередь, стараемся поощрять активистов, отмечаем их грамотами и медалями, а при необходимости оказываем материально-техническую помощь.

Множество раз наши корабли приходили на помощь терпящим бедствие в море лодкам рыбаков и отдыхающим туристам. Каждую зиму наш ледокольный корабль «Кажымукан» спасает из ледяного плена замерзшие во льдах Каспия судна и лодки, продельывает для них проходы в ледяных полях, транспортирует их до побережья.

– Есть ли у Вас особые пожелания или наставления для молодых военнослужащих, только начинающих службу в пограничном ведомстве?

– Я советую молодым офицерам, сержантам и солдатам сохранять дисциплину, постоянно учиться и повышать свои профессиональные навыки. Ведь, Пограничная служба – это сложная, но очень важная и интересная работа. Помните, что каждый ваш день на службе – это вклад в безопасность нашей страны, а терпение и стойкость – ключ к успешной карьере.

– Спасибо за содержательную беседу!



Беседовал капитан А. ЖАНАЛИПОВ, «ОС-ЧР». Фото из архива редакции.



Memlekettik shekarany senimdi kúzetý – Qazaqstannyń ulttyq qaýıpsızdıǵın qamtamasyz etýdiń negizi
Надежная охрана Государственной границы – основа обеспечения национальной безопасности Казахстана

БЕЛСЕНДІ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛУДА



«Қордай» шекара бөлімшесі жауапкершілік пен күрделі шекара шебіндегі жағдайларына тап болуына алып келеді. Бөлімше шекараның бұл учаскесінде қызмет өткеру арқылы мемлекеттік шекараны қорғаудың маңызды міндеттерін атқарады. Жергілікті шекаралық болжамалы қауіптер, шекара заставасының қызметкерлерінен жоғары кәсіби дайындықты және жауапкершілікті талап етеді. Әсіресе 2024 жылдың басынан шекара бөлімшесі 13 мемлекеттік шекара бұзушыны, 49 шекаралық режимін бұзушыны және 4 мемлекеттік шекара режимін бұзушыларды ұстап, құрықтады.

Шекара бөлімшесінің қызметкерлері мемлекеттік шекараны қорғау және бақылау бойынша әртүрлі іс-шараларды жүзеге асырады. Олар шекаралық аумақтағы заңсыз әрекеттердің алдын алу үшін патрульдік қызметтер жүр-

Жамбыл облысының Қордай ауданына қарасты «Қордай» шекара бөлімшесі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын қорғауда маңызды рөл атқарады. Бұл бөлімше оңтүстік шекарамызда, әсіресе күрделі және қиын учаскелерде орналасқан, бұл оны ерекше жауапкершілікпен толтырады. Бұл бөлімше шекаралық аумақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, заңсыз өткізу әрекеттерін алдын алу және шекаралық тәртіпті сақтау бойынша барынша күш пен құралдарды қолданады.

гізеді, сондай-ақ шекараның бұзылуына жол бермеу мақсатында бақылау посттарында қызмет атқарады. Бөлімше әскери қызметкерлері шекаралық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша белсенді жұмыстар атқарады.

Бөлімше қызметкерлері жауынгерлік дайындықты үнемі жоғары деңгейде ұстап отырады. Оқу-жаттығу жұмыстары, арнайы тактикалық дайындықтар мен психологиялық дайындықтар

жүргізіліп, қызметкерлердің шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету қабілеттері күн өте артуда.

Шекара бөлімшесі мемлекеттік шекараны қорғауда заманауи технологиялар мен құралдарды пайдаланып, ақпараттық жүйелер мен байланыс құралдарын енгізу арқылы тиімділігін арттырады.

Бөлімше шекара қызметкерлері шекараның қорғалуын, тәртіптің сақталуын және азаматтардың қауіпсіздігін қамта-

масыз ету үшін күнделікті жұмыс істейді. Олардың қызметі еліміздің тыныштығын сақтау, шекаралық бақылауды күшейту, заңсыз әрекеттердің алдын алу бағытында маңызды рөл атқарады. Сонымен, ағымдағы жылдың 11 сәуір күні шекара бөлімшесінің аумағында түнгі уақытта Қырғыз Республикасы аумағынан Еуропа елдеріне Қазақстан Республикасы арқылы шекарадан заңсыз деструктивті

ағымдардың жолын ашу мақсатында Пәкістан Ислам Республикасының 6 азаматы ұсталды. Егер осы азаматтар «Қордай» шекара бөлімшесінің аумағынан өткенде кім білер, бұрмаланған діни ағымды дамытар ма еді.

«Қордай» шекара бөлімшесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын қорғау жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Оның әскери қызметшілері шекаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, заңсыз әрекеттермен күресу және шекара тәртібін сақтау бойынша ауқымды жұмыстар атқарады. Заставаның қызметі мемлекеттік қауіпсіздікті сақтау мен елдің шекаралық тұрақтылығын қамтамасыз етуде зор маңызға ие.

Капитан А. ЖЕКСЕНБИН, «OS-ЧР». Суреттерді түсірген автор.

Бағы биік – Бимырза

Мақтаарал ауданы бойынша шекара басқармасы «Шардара» шекара бөлімінің «Бимырза» шекара бөлімшесі құмды мекеннің ішінде орналасқан шекара бөлімшелерінің бірі. Ал Бимырза елді мекені Түркістан облысы Шардара ауданы, Қауысбек Тұрысбеков ауылдық округі құрамындағы ауыл.



Шекара бөлімшесі құмды аймақтың ішінде орналасқандықтан шекаралық үшін қызмет атқаруға белгілі бір дәрежеде қиындықтар туғызуы мүмкін. Қандай да бір қиындықтарға қарамастан шекаралықтардың қырағылығы мен Отан қорғауға деген жігерлігі бір сәт те бәсеңдеген емес. Еліміздің мемлекеттік шекарасы сенімді


түрде күзетілуде деп нық сеніммен айтуға болады.

2024 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша «Бимырза» шекара бөлімшесінің жеке құрамы шекара күзетіндегі техникалық құралдарды белсене қолдана отырып, шекара бөлімшесіне қойылған тапсырмаларды мүлтіксіз

орындауда. Әрбір әскери қызметкер өзінің жеке біліктілігі, кәсіби шеберліктерінің арқасында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуде. «Бимырза» шекара бөлімшесі құрылған жылдан бастап бөлімше бастығы, орынбасарлары қызметінде болған шекаралық офицерлердің алды үлкен қызметте болса, сол кісілердің бүгінгі ізбасарлары ретінде бөлімшенің тізгіні жас офицерлердің қолында. Осы күнге дейін шекара бөлімшесі мемлекеттік шекараны қорғап қана қоймай бөлімшенің дамуына, көркеюіне үлкен үлес қосуда.

Капитан Тілек Сейітқазы басшылық ететін «Шардара» шекара бөлімінің «Бимырза» шекара бөлімшесі жеке құрамының дене дайындығын арттыруға аса көңіл бөлінген. Мұнда спорттық қалашық, футбол, волейбол алаңы толығымен жұмыс жасап тұр. Жеке құрамның қызметтен бос уақытын тиімді пайдалану үшін психологиялық жеңілдету бөлмесі, ақпараттық-тәрбиелік жұмыс сыныбы көркем әдебиеттермен, домбыра және гитара секілді музыкалық аспаптармен жабдықталған.

Бимырзалық шекаралықтар 2022 жылдан бері 26 шекара режимін бұзған азаматтардың іс-әрекетіне тоқтау салған. Осы жақын күндері капитан Тілек Қайратұлы бастаған «Бимырза» шекара бөлімшесінің жеке құрамы шекаралық аумақта заңсыз жүрген 2 құқық бұзушыны құрықтады. Нәтижесінде заң бұзушыларға әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі 510 бабының 1-2 тармақтарына сәйкес



5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынды. Бұл ретте жергілікті тұрғындардан құралған ерікті жасақ мүшелерінің көрсеткен көмегін ерекше атап өткен дұрыс.

Майор Р. НҰРМЕТ. «OS-ЧР». Суреттерді түсірген автор.

Шекара өнертабысы



Теректі шекара бөлімшесінің бастығы капитан Шекербек Нəби Бақдәулетұлы аталған лауазымында 2022 жылдан бері қызметін адал атқарып келеді. Қызметін атқару барысында шығармашылық қабілеттері жетік әскери қызметшілерді ұйымдастыра отырып төмендегі аталған жобаны ұсынды.

Теректі шекара бөлімшесінің жеке құрамымен ойлап табылған мемлекеттік шекараны күзетуге арналған «Marka-003» жобасы. Сырты бойлерден жасалған металдық корпус, күн ток батареясы арқылы қуат көзін ала отыра релле регулятор арқылы электронды гаджеттерді қуаттай алады. Ішінде орналасқан аккумулятор күн көзі жоқ жағдайда 2 бейнебақылау камерасын толықтай қуат көзімен қамтамасыз етеді.

Жауынды, қарды күндері 14 МР-ді 4G фотоловуша күннен қуат ала отырып, аумақтағы болып жатқан жағдайды бейнеге түсіріп смартфон арқылы онлайн түрде байланысады.

Бейнені бақылау смартфонмен жергілікті жерді 24/7 түнде де күндіз де 128 GB көлеміндегі жадына жазылады. Бақылау камера-

сының көру бұрышы 95°-ты құрайды. Жергілікті аумақты 345°-та айналдыру арқылы бақылайды. Орнатылған қозғалыс сенсоры арқылы қозғалысты байқаған жағдайда смартфонға жедел сигнал келіп түсіп дабылдық сигнал іске қосылады. Аталған бақылау жүйесі ауа-райының қолайсыз жағдайларына төзімді келеді.

Жалпы «Marka-003» құралы Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзетуге, үзбей қолданып, шекара нарядтарында қолдануға болады.

Осылайша жаңа технологияларды қолдану арқылы шекарамызда жаңа заманауи әдістерді пайдаланып мемлекеттік шекараны бұзушылардың санын азайту және жою негізгі мақсатымыз болып табылады.

Майор **Ғ. БАКЕТОВ**,

Құршім ауданы бойынша шекара басқармасы.

Суретті түсірген аға лейтенант **Б. Кәдірбек**.

НА ПЕРЕДОВОЙ

ШЛАГБАУМ ЗАПАДНОЙ ГРАНИЦЫ

Стоять на передовых линиях по охране государственной границы – огромная ответственность, которая лежит на плечах, хоть и тяжелым, но приятным грузом. Невольно возникает чувство гордости от того, что именно ты являешься щитом и надежным заслоном своего народа. Служба пограничников отделения пограничного контроля «Жанибек» – оплот безопасности и патриотизма.



Отделение пограничного контроля «Жанибек» Департамента Пограничной службы по Западно-Казахстанской области является символом надежности и единства страны. Здесь несут службу преданные и самоотверженные пограничники, стоящие на страже безопасности и суверенитета страны.

Официальной датой образования считается июль 2013 года, в этом году исполнилось 11 лет со дня образования. Охрана Го-



сударственной границы в пункте пропуска организовывается круглосуточно. Каждый день, проходя сквозь шлагбаум этого пункта пропуска, люди ощущают атмосферу патриотизма и самоотверженности.

Начальник пункта пропуска майор Имангали Дурманов служит здесь с 2021 года и является ярким примером служения Отечеству. Несмотря на бытовые сложности, он с честью и достоинством выполняет свои обязанности, вдохновляя коллектив на работу. Сплоченно и преданно работают военнослужащие демонстрируя не только профессионализм, но и человеческое тепло.

– Несмотря на сложные условия службы, здание пункта пропуска требует ремонта, асфальта нет, в период дождей дороги становятся труднопроходимыми, создавая дополнительные сложности для выполнения задач. Но в скором времени тут будет строится современный пункт пропуска со всеми необходимыми условиями для отличной работы пограничников. Личный состав отделения пограничного контроля добросовестно решает поставленные командованием служебно-боевые задачи по охране государственной границы. Можно смело сказать, что военнослужащие Пограничной службы – это гордость Казахстана. С их самоотверженной службой и непоколебимой верой в лучшее будущее мы можем быть уверены в стабильности и безопасности нашей страны, – сказал начальник отделения пограничного контроля майор И.Дурманов.

А сейчас дух единства и патриотизма позволяет им преодолевать все преграды, оставаясь

верными своему долгу. Это не просто место, где происходят контроль и проверка документов. Это символ надежды, преданности и мужества. Здесь каждый пограничник ощущает свою значимость, ведь его служба поддерживает мир и безопасность.

Вот в такой повседневной

суровых, сложно-климатических условиях, среди песков и пустынь, на море, и вблизи полигонов, и среди удивительно красивых природных заповедников, национальных парков и лесов, высокогорья и озер, различных рощ и ущелий с экзотическими растениями и множеством диких



жизни день за днем проходит служба, основной целью которой является предотвращение нарушений государственной границы и борьба с контрабандистами.

Где только не приходится нести службу нашим коллегам на необъятной казахстанской земле. Пограничники служат в

животных. Лишь одно остается неизменным – надежная охрана и защита священных рубежей Отечества. Долг, честь и отвага, выносливость и профессионализм – вот те отличительные черты нового поколения стражей границы независимого Казахстана.

Пусть трудности, с которыми они сталкиваются, лишь укрепляют их дух и уверенность в том, что их работа имеет огромное значение для всего общества.



Майор **А. БЕИМБЕТОВА**, «ОС-ЧР». Фото из подразделения границы.

ҚЫРАҒЫЛЫҒЫҚПЕН ҚОРҒАЙДЫ

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында екі елдің шекарасы мыңдаған шақырымға созылып жатыр, құрлықпен де, теңізбен де шектеседі. Ұзына бойы жүзден астам шекара бөлімшелері орналасқан. Солардың бірі «Есіл» шекара бөлімшесі. 2001 жылы 15 қарашада Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Долматово ауылында алғаш «Долматово» шекара бөлімшесі құрылды.



Ең бірінші шекара бөлімшесі бастығы болып лейтенант Чищенко Дмитрий тағайындалды. Құрылған кезде небәрі 7-8 адамнан тұратын. Алғаш старшинасы: прапорщик А.Цапкин, алғаш технигі: прапорщик И.Пимонов Ең алғашқы шекара наряды құрамында: сержант И.Редькин мен прапорщик А.Цапкин 16 қараша күні жөнелтілген болатын.

2002 жылғы 1 қаңтар күні бөлімшенің атауы «Есіл» деп өзгертілді. Қазір бөлімше бастығы аға лейтенант Ә.Тұрсынбаев қызметін атқарып келеді. Алғаш Мемлекеттік шекараны бұзу Қытай және Ресей елдерінің сауда заттарын заңсыз өткізу фактілерімен анықталды. 2004 жылы шекара бөлімшесіне алғаш жауынгерлік қару беріле бастады. Сержант С.Кусаинов үздік мобильдік топ бастығы атанды, ал аға сержант А. Курмангалеев үздік аға-нұсқаушы атанды. Үздік кезекші болып ефрейтор А.Отрадных тағайындалды.

Шекара бөлімшесінде тек қызметімен ғана емес, спортпен де көзге түскен әскери қызметшілер бар. Мысалы: қатардағы жауынгер З.Баграм футбол ойынынан жақсы ойнап көзге түсті, қатардағы жауынгер А.Целых волейбол ойынынан жақсы көрінді және ефрейтор А.Рафизов, кіші сержант В.Жарков қашықтыққа жүгіруден үздік нәтижелер көрсетті.

«Есіл» шекара бөлімшесіне мемлекетіміздің мүддесін қорғау үшін үлкен жауапкершілік жүктелген. Сол үшін Мемлекеттік шекара арқылы заңсыз көші-қон, есірткі саудасы, тауарлар, қару-жарақтарды өткізудің жолын кесу мақсатында Мемлекеттік шекараны сенімді күзету Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізі деген ұранмен Отанға деген сүйіспеншілігін арттырып, Мемлекеттік шекараны барлық күш-жігерімен, қырағылығымен қорғайды.



Капитан **Д. УТЕБАЕВА**, «ОС-ЧР». Суретті түсірген автор.

Міндеттерін абыроймен атқаруда



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бөлімінің инженерлері мемлекеттік шекараны күзетудің және қорғаудың сенімділігіне тікелей ықпал ететін шекараны инженерлік және техникалық қамтамасыз етуде орны ерекше. Сонымен қатар, инженерлік техникалық қамтамасыз ету бөлімі техникаларға қызмет көрсету, көпірлер орнату, су құбырларын орнату, электр жүйелерін, жол жасау, сондай-ақ автокөлік құралдарына, инженерлік жол техникаларына қызмет көрсету, жөндеу жұмыстарын жүргізу сынды жұмыстарды атқарады.

Аталған бөлім 2020 жылғы сәуір айында ҚР ҰҚК ШҚ Директорының бұйрығымен құрылды. Алғашқы басшысы подполковник Руслан Балтаев болса, 2022 жылғы қыркүйек айынан бастап подполковник Таиржан Турдиев бөлім бастығының лауазымдық міндеттерін уақытша атқарушы болып тағайындалды. Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бөлімі подполковник Руслан Балтаевтың тұсында Шекара қызметі «Батыс» «Оңтүстік» өңірі басқармаларының шекара шебін инженерлік тұрғыда қамтамасыз ету іс-шараларына белсене ат салысты. Сонымен қатар, подполковник Таиржан Турдиевтың басшылығымен Алматы облысы бойынша шекара басқармасына қарасты Райымбек ауданы бойынша Шекара

басқармасының «Нарынқол», «Қарқара», «Аманжол» және Алакөл ауданы бойынша Шекара басқармасының «Айдала», «Шыңдалы» шекара бөлімшелерінің учаскелерін инженерлік тұрғыда жабдықтауға орасан зор үлес қосты. Қазіргі кезде департаменттің Панфилов ауданы бойынша Шекара басқармасының «Ынтылы» шекара бөлімшесінің аумағында орналасқан инженерлік-саперлық базасында жаздың аптап ыстығына қарамастан мемлекеттік шекарамызды инженерлік тұрғыда жабдықтау мақсатында 35 шақырымға жуық аралықты дәнекерленген темір торлы қоршау жұмыстарын атқаруда.

Әскери ұжымның басшысы подполковник Таиржан Турдиев ҚР ҰҚК Шекара академиясының түлегі. Мақаншы, Сарыағаш, Қызылорда шекара басқармаларында түрлі қызметтерде болған. Тәжірибелі басшының шебер басқаруының арқасында атқарылып жатқан жұмыстары аз емес.

Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бөлімі еліміздің оңтүстік шығыс шекарасының сенімді күзетілуі мен қорғалуы үшін шекараны инженерлік жабдықтау мақсатында ауқымды жұмыстар атқарып келеді. Оның дәлелі қазақ-қырғыз, қазақ-қытай шекарасы толығымен шегенделіп, жаңа инженерлік қоршаулармен жабдықталған. Қазіргі таңда аталған бөлімнің жеке құрамы Панфилов ауданы бойынша Шекара басқармасының аумағында №1 инженерлік-саперлық базасын салған. Аталған инженерлік базада қызу жұмыстар атқарылууда.

Шекара түбіне соғылған ұжымға барған кезімізде бізді база бастығы майор Ердаулет Өскенбаев пен прапорщик Алексей Евстигнеев жылы жүзбен қарсы алды. Ердаулет аталған бөлімде 2020 жылдың мамыр айынан бастап қызмет атқарады.

Прапорщик Алексей Евстигнеев Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының тумасы. Аталған бөлімде 1996-1998 жылдары мерзімді әскери борышын өткеріп, келісімшарт негізінде әскери қызметте қалған. Аталған әскери қызметшінің шекарашылар сапындағы қызмет өтіліне 28 жыл болыпты. Жыл аяғында зейнетке шыққаннан кейін де өз қызметінде қызметші болып, жұмыста қалғысы келетінін жасырған жоқ. Бөлімінің жеке құрамы 2024 жыл-



дың мамыр-тамыз айлары аралығында Үшарал, Панфилов ауданы бойынша шекара басқармаларының аумағында шекаралық белгілерді орнату жұмыстарын қарқынды жүргізуде. Бүгінгі күні орнатылған шекаралық белгілердің жалпы саны қырыққа жуық. Қазіргі таңда Панфилов ауданы бойынша Шекара басқармасының аумағында Шекаралық белгілерді орнату және оларға мерзімдік қызмет көрсету жұмыстары аяқталған. Ал Алакөл ауданы бойынша Шекара басқармасының аумағында шекаралық белгілерді орнату мен оларға мерзімдік қызмет көрсету жұмыстары жүргізілуде.

Мемлекеттік маңызы бар ауыр және жауапты тапсырманы шекарашыларымызбен бірлесе ҰҚК Авиациясы, геодезия және кеңістік ақпарат қызметінің мамандары иық тіресе атқаруда. Салмағы 300 келіден асатын шекара белгілерін биіктік бұрышы шамамен 30-40 градусты құрайтын 800-1000 метр жоғарыға көтеру оңай шаруа емес. Аталған аумақтарда тікұшақ барлық жерге қона алмайтындықтан, қалған 300-400 метр биіктікті жаяу еңсеруге, яғни 6-8 әскери қызметші қолдарымен көтеріп, су мен батпақты кешіп, тау мен тасты өрлеп жоғарыға жеткізіп отырған. Бұл шаруа орасан батылдық пен күштің, қайсарлықтың,



шыдамдылық пен төзімділіктің эталонын көрсете білген ұжымның арқасында істері алға басуда.

Мұнан бөлек, инженерлік құрылыстар мен қоршауларға ағымдағы жөндеу жұмыстары да қарқынды жүргізілген. Мәселен, 150 шақырымға созылған түрлі санаттағы жолдар қайта қалпына келтіріліп, сонша көлемге жуық нысандарға қызмет көрсетілген. Сонымен қатар беске жуық инженерлік құрылыстар бір орыннан екінші орынға көшірілсе, отыз бес шақырымнан аса қашықтықтағы қоршаулардың орындары ауыстырылған.

Бөлімнің жеке құрамы жоғарыда көрсетілген іс-шаралардан бөлек Темір бақылау мұнараларына, тік ұшақ қону алаңына, жылыту бекеттеріне, ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізеді.

Мемлекеттік шекараны тікелей инженерлік тұрғыда жабдықтау жұмыстарымен айналысатын Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бөлімінің жеке құрамы өздеріне жүктелген міндеттерді абыроймен атқаруда!

**Майор М. ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР». Суреттерді түсірген автор.**

Заңсыздықты болдырмау – басты міндет



Шекара — мемлекеттердің егемендігін, қауіпсіздігін және аумақтық тұтастығын қамтамасыз ететін маңызды элемент. Қазақстан Республикасының шекарасы — еліміздің геосаяси жағдайында ерекше рөл атқаратын стратегиялық нысан. Шекараны күзету — мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қорғаудың негізгі бағыттарының бірі. Бұл процесс тек қана физикалық шекараларды бақылаумен шектелмейді, сонымен қатар, шекаралас аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық, мәдени және экологиялық жағдайларды да ескереді.

Қазақстанның шекаралық қызметі еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында шекаралық бақылау, заңсыз көші-қонды болдырмау, контрабанданы анықтау және басқа да құқық бұзушылықтарды алдын алу жұмыстарын атқарады. Шекараны күзету — тек мемлекеттік органның міндеті емес, сонымен қатар, әрбір азаматтың патриоттық сезімін оятып, елінің тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті сезінуіне негізделген. Осы орайда, ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаменті шекараны күзету бөлімі туралы әңгіме болмақ. Департамент қарамағындағы бөлімдердің арасында атқаратын қызметі және жауапкершілігімен



көзге еленетін бөлім деп атап айтсақ қателескеніміз емес. Себебін айту қажет емес деп ойлаймын. Департамент бастығының бұйрығымен бекітілген жоспарға сәйкес шекараны күзету бойынша жұмыстар атқарылады. Бөлімдегі офицерлері мен келісімшарт

әскери қызметшілерінің өзі бір төбе. «Шекараны күзету бөлімі — мемлекеттің шекаралық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауапты мемлекеттік орган немесе құрылым. Бұл бөлімнің негізгі міндеттері мен қызметтері, ол біріншісі шекаралық бақылау:

Мемлекеттік шекарадан өтетін адамдар мен жүк тасымалдарын бақылау, заңсыз кіріп-шығуды болдырмау. Екіншісі заңсыз көші-қонның алдын алу, яғни Шекара арқылы заңсыз миграцияны, контрабанданы және басқа да құқық бұзушылықтарды анықтау. Үшінші шекаралық аймақты қорғау, шекаралас аумақтарда құқық тәртібін сақтау, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Төртінші шекаралық инфрақұрылымды дамыту, шекаралық өткізу пункттерін жаңарту, заманауи бақылау жүйелерін енгізу.» — деп бөлімнің аға офицері капитан Е.Сағиндықов қысқа түрде міндеттерді түсіндірді. Шекараны күзету — тек мемлекеттік органның міндеті емес, сонымен қатар, әрбір азаматтың патриоттық сезімін оятып, елінің тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті сезінуіне негізделген.

**Аға лейтенант Ә. ТӨЛЕБАЙ,
«OS-ЧР». Суреттерді түсірген автор.**

Әскери ант – ОТАНҒА АДАЛДЫҚ КЕПІЛІ



Бүгін еліміздің шығысы мен батысы өңірлерінде жас шекарашы сарбаздар қолдарына алғаш рет қару ұстап, Отанына адал қызмет етуге салтанатты түрде ант берді. Ал осынау маңызды сәтті өз көздерімен көріп, ер-азаматтарының өміріндегі маңызды сәтке куә болу үшін алыстан олардың ата-әже, әке-шеше, туған-туыстары мен достары келді.

Сондай шаралардың бірі, ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментіне қарасты Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының Ақжардағы техникалық және кәсіби-даярлық бөлімінде өтті. Жас жауынгер сынын сәтті еңсерген 500-ден аса жас сарбазды департамент бастығы полковник Ә.Каюпов, «Генералдар кеңесі» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы отставкадағы генерал-лейтенант Б.Сәрсеков, Қазақстан Республикасы Мас-Рестлинг (таяқ тарту) федерациясының вице-президенті Т.Қаналиев, запастағы полковник Д.Мамырханов бастаған шекарашы ардагерлер қатысып, оларды шекарашы атануларымен құттықтады.

ҰҚК Шекара қызметінің әлеуметтік желідегі ресми сайты арқылы республика жұртшылығы тікелей эфирден тамашалаған рәсімнің жоғары деңгейде өткенін, әсіресе ұландарының қуанышына ортақтасуға асыққан ата-аналардың қуанышты жүздерінен байқауға болады. Солардың бірі, 75 жастағы Б.Дүйсеғалиева тұңғыш немересінің қуанышына ортақтасу үшін Батыс Қазақстан өңірінен келіпті. Ортаға шығып, ант қабылдауға кіріскен немересіне мейірлене қарап тұрған тағы бір әжейді көзіміз шалып қалып, осынау көңіл толқытарлық сәтті суретке түсіріп алуға асықтық...

Осылайша, шара кезіндегі әрбір сәтті назардан тыс қалдырмауға тырысқан біз арасында «Генералдар кеңесі» республикалық қоғамдық бірлестігін басқаратын Бексұлтан Сәрсекұлын сөзге тартқан едік.

– Бүгін ерекше күн! Жас сарбаздар ант қабылдап жатыр. Тәуелсіз елдің шекарасын қорғайтын да осы жастар. Аға буын атынан айтарым, ата-бабаларымыздан аманат болып қалған ұлан-ғайыр жеріміздің



әрбір сүйемін көздеріңнің қарашығындай қорғандар. Халқымыздың өздеріңе артқан сенімдерін ақтандар, – дейді өзінің саналы ғұмырын еліміздің қауіпсіздігіне арнаған сардар.

Айту керек, бүгін «Срочник 2.0» бағдарламасына қатысқан «Күз-2023» шақырылымының екі сарбазы, қатардағы жауынгерлер А.Артықжанов пен Е.Тілеубекке депар-

тамент бастығы полковник Әлібек Каюпов сертификат тапсырды. Бұл сертификаттар қос шекарашының еліміздегі өздері таңдаған жоғары оқу орындарында білім алуға берілген жолдама. Сондай-ақ, бүгінгі шара кезіндегі тағы бір айшықты оқиға, жақында оқу орталығында өткен «Таяқ тарту» сайысының жеңімпазы атанған бірнеше сарбазды ҚР Мас-Рестлинг (таяқ тарту) федерациясының вице-президенті Т.Қаналиев мақтау қағазы және медалімен марапаттады.

Әрі қарай, шара шекара басқармасының арнайы мақсаттағы ұтқыр іс-қимылдар тобының жауынгерлік ұрыс қимылдарына арналған сахналық көріністеріне ұласты. Отанын қорғау үшін оттан да, судан да тайсалмайтын сайыпқырандардың саптық алаңдағы әбжіл қимылдары олардың алдыңғы шепте жүрер алдаспан жасақ, әскер элитасы екенін паш етіп тұр. Сондай-ақ, ҰҚК Шекара қызметі Қызметтік кинология басқармасының кинологтары жұртшылықтың алдында шеберлік дәрісін паш етті. Иесінің әрбір бұйрығын қалт еткізбей орындаған шекарашы иттердің өнері көпшілікті тәнті етпей қойған жоқ.

Міне, жас азаматтардың өміріндегі маңызды сәттердің біріне айналған ант қабылдау рәсімінен кейін сарбаздар ата-ана, туған-туыстарымен қауышып, мәре-сәре болған. «Шекарашы болдым, мінеки» деген мақтанышты жүздерінен «жасыра» алмаған болашақ ел қорғандары да осынау сәтті қалай асығатосты, десеңізші?!

ЖҮРЕКЖАРДЫ

Ананың тілегі қашанда ақ

Ананың тілегі, ұлының амандығы. Бақытты болғаны. Перзентінің жеткен жетістігіне қуану да ана үшін бір ғанибет емес пе? Міне, осындай аналардың бірінің ұлы Азамат Ержанұлы да шекарашы. Өзінің әскерге алынғаны да күні кеше ғана...



Бізді еліміздің киелі өңірлерінің көшін бастап тұрған Түркістан қаласының тұрғыны Ақкенже Сұлтанбековамен ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментіне қарасты Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының бас тәрбиешісі подполковник Мұратбек Іскендір таныстырды. Үш ұлы мен жауқазындай бұр ашып келе жатқан қыздың анасы біздің сауалымызға тосылып тұрмады. Біздің шекарашылар газетінен екенімізді естіген бойда күндей жарқырап шыға келген Ақкенже ханымның үнінен ұлына деген мақтаныш лебі есіліп тұрған.

– Азамат атына заты сай. Салмақты, жас та болса өзінің ортасына сыйлы болып үлгерген құлыншағымды әскерге қыркүйектің аяғында шығарып салдық, – дейді шекарашы сарбаздың анасы. Өзі әскерге дейін Түркістан облысы әкімінің жеке мобилографы болып, үлкен кісінің қасында жүрді. Колледжді бітірген бетте жұмыс істеуге құлшынған ұлымның алдына қойған мақсаттары таудай. Әкесі екеуімізге осының өзі қуаныш.

Әскерге де өзі сұранды. Азаматтық борышын өзінің қатарлас құрбыларымен бірге өтеуді қалаған ұлымыздың жолына кесе-көлденең тұрмадық. Қазір кейбір ата-аналар балаларын әскерге қорқып жібергісі келмейді ғой. Бұл дұрыс емес, үкілеп өсірген ер-азаматыңды керісінше әскер қатайтып, шыңдап шығарады. Бір жағынан, перзентіңнің шекарада сенің тыныштығыңды күзетіп жүргені де біз – ата-ана үшін мақтаныш қой!

Сондықтан, ұлымыздың осы қарашаның 10-ында өтетін ант қабылдау рәсімін асыға тосып жүрген жайымыз бар. Әкесі екеуіміз ұлымызды құшағымызға басқанша тағатымыз жоқ.

Иә, Ақкенже ханымның жан дүниесіндегі толқынысты түсінеміз. Ұлы еліміздің элитасы саналатын Шекара қызметінің сапына алынып, шекарашы атанған жайы бар... Ал мұнда Азамат әскери өмірдің алғашқы әліппесімен танысқан соң нағыз шекараның тынысына құлағын төсеп, туған Отанының шебін күзетуге кіріседі. Сондықтан:

– Айналайын, ұлым! Тәртіпті, командирлеріңнің айтқанын бұлжытпай орында! Ортаңда абыройлы бол. Атаның ұлы емес, халқымының ұлымын деп қызмет ет! Біз саған сенеміз!, – деген ананың жүрегін жарып шыққан ақ тілек ұлы Азаматқа қана емес, барша ұландарға арналып еді.

Өйткені, бұл – әрбір анаға тән ақ тілек!



**Бетті әзірлеген
әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-ЧР». Суреттерді
түсірген автор.**

Ел шебін күзетуге сап түзеген

**ҰҚК Шекара қызметі
Абай облысы бойынша
департаменті Мақаншы
ауданы бойынша
шекара басқармасының
саптық алаңында «Күз-
2024» шақырылымы
сарбаздарының әскери ант
қабылдау рәсімі өтті.**

Сарбаз өміріндегі айтулы шараға Мақаншы ауданы әкімінің орынбасары Соғымбай Олжас Амангелдіұлы, ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті бастығының орынбасары полковник Рахматуллаев Анвар Бахтиярович және Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасының басшылық құрамы қатысты.

«Аналардың жүрегі» сарбаздар аналары кеңесі Республикалық қоғамдық бірлестігінің Абай облысы бойынша өкілі Татерова Айнура Баяхметовна, Шекарашы ардагерлердің «Застава тарландары» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Мақаншы ауданы бойынша филиалының ардагерлері және сарбаздардың ата-аналары қатысты.

Отан алдындағы борышын өтеуге асыққан азаматтардың дәстүрлі әскери ант қабылдауы – Отансүйгіштік және патриоттық сана-сезімді қалыптастыруды мақсат етеді. Шараның мақсаты – бейбіт күннің батырлары ерлігін жас ұрпаққа насихаттау, жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру болып табылады.

Биылғы «Күз-2024» шақырылымы бойынша еліміздің барлық өңірлерінен жасақталған 261-ге жуық сарбаз айбынды шекарашылар қатарын толықтырды. Ел шебін күзетуге сап түзеген сарбаздарды Мақаншы ауданы әкімінің орынбасары Соғымбай Олжас Амангелдіұлы құттықтап, алдағы мәртебелі міндеттерін лайықты деңгейде атқаруларына сәттілік тіледі. «Сіздердің әскери қызметтеріңіз – бос уақыт өткізу емес. Сіздерді жауапкершілікпен біздің шекараны қорғайтын, ұйқымызды тыныш қылатын, еліміздің абыройын көтеретін ең мықты әскери сарбаздар деп білеміз. Сол себепті қабылдаған әскери анттарыңызға адал болып өздеріңіздің кәсіби біліктіліктеріңізді шындап, елеулі азамат болула-



«Олар үшін сіздердің жетістіктеріңіз бен табыстарыңыз – ең үлкен сый. Отанымыздың шекарасын қорғау – бұл тек әскери қызметтің міндеті ғана емес, бұл – әрбір азаматтың парызы»

рыңызға шын жүректен тілектеспін», – деді Олжас Амангелдіұлы.

Жас шекарашыларды «Аналардың жүрегі» сарбаздар аналары кеңесі Республикалық қоғамдық бірлестігінің Абай облысы бойынша өкілі Татерова Айнура Баяхметовна ант қабылдау рәсімімен құттықтап, абыройлы қызметтеріне табыс тіледі. «Сіздердің әрқайсыларыңыздың жүректеріңізде Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм мен жауапкершілік сезімі бар. Сіздер – еліміздің ертеңі, болашағысыздар. Ант – бұл тек сөз емес, ол сіздердің жүректеріңізде мәңгілікке жазылатын қасиетті уәде. Сіздер өздеріңіздің борыштарыңызды адал әрі абыроймен атқарып, еліміздің тынышлығын қорғауға дайынсыздар. Сіздердің әрбір іс-әрекеттеріңіз, әрбір шешімдеріңіз елдің қауіпсіздігі мен бірлігі үшін маңызды. Сарбаздар, сіздердің аналарыңыз бен отбасыларыңыз сіздерді мақтан тұтады. Олар үшін сіздердің жетістіктеріңіз бен табыстарыңыз – ең үлкен сый. Отанымыздың шекарасын қорғау – бұл тек әскери қызметтің міндеті ғана емес, бұл – әрбір азаматтың парызы», деді Айнура Баяхметовна.

Әскери қызметке енді аяқ басқан сарбаздар, келген қонақтар мен ата-аналарға музыкалық-сазды бағдарлама ұсынылды. Басқарма құрамындағы арнаулы мақсаттағы тобының ұйымдастыруымен жауынгерлік ұрыстағы жаттығулар көрермен назарына ұсынылды. Департамент басшылығы әскери ант рәсімінен кейін

сарбаздардың ата-аналарымен кездесіп, сауалдарына жауап берді. Биыл екінші шақырылым бойынша Абай облысының азаматтары өз облыстарында қалып әскери қызметтерін өтеуде.

«Қазір әскерге шақырылған күннен бастап сарбаздар Мақаншы ауданындағы оқу-жаттығу орталығында үш ай қызмет етеді. Содан кейін Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасының шекара бөлімдеріне жіберіледі. Кейбірі мерзімді әскери қызмет өткеруді Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасында жалғастырады. Демалыс және мереке күндері өнерімен ерекшеленген, иә спортта үздік шыққан сарбаздар үйлеріне жіберіледі. Мемлекеттік және ұлттық мереке күндері де сарбаз ата-аналарымен бірлескен шаралар ұйымдастырады. Біз сарбаздарды алғашқылардың бірі болып, Шекара қызметіне шақырамыз. Егер кімде кім өз өңірінде әскери борышын өтегісі келсе, келесі көктемгі әскери шақыру өткізілетіні туралы хабарлаймыз», – деді ҰҚК ШҚ Абай облысы бойынша департаменті Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасының бастығы подполковник Нүсіп Қуанышбек Нұржауұлы. Бұл рәсім жастардың патриоттық сезімдерін оятып, Отан қорғаушылар ретінде жауапкершілікті сезінулеріне септігін тигізеді.

Лейтенант Е. КАЙРТАЙ,
«OS-ЧР». Суреттерді түсірген автор.

Әскери өмірдің бастауы



Қараша айының алғашқы жексенбісінде ҚР ҰҚК ШҚ ШҚО бойынша департаментінің Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасының әскери алаңында «Күз-2024» жас шақырылым сарбаздарының Ант қабылдау рәсімі салтанатты түрде өтті. Әр аймақтан сарбаздардың ата-аналары, туыстары келіп қатысып, балаларының алғашқы қадамдарының куәгерлері болды. Сонымен қатар, жататын орындарын, үш мезгіл тамақтанатын асхананы, ішетін астары-

ның дәмін де татып көрді. Тәлімгер офицерлер мен сержанттармен танысып, өзара сөйлесіп жатты.

Бұл мерекелік іс шарада Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасының бастығы полковник Қ. Досмұхамбетов, аудан әкімінің орынбасары Д. Серіков және Шекара қызметінің ардагерлері Қ. Тергенбаев пен С. Қамышевтар ақжарма тілектерін арнап, құттықтады. Ел шебінің сенімді күзетілуіне мол үлестерін қосатындарына

сенімділік артты. Шара барысында 300-ге жуық жас жауынгер әскери Ант қабылдады. Сарбаздар арасынан алдыға шығып, қызметтестерін құттықтаған жауынгерлер де болды. Олар келген екі ай арасында темірдей тәртіпке үйреніп, Отан алдындағы борыштарын адал атқаруға даяр екендерін айтып өтті.

Антына адал, сертіне берік батыр бабаларымыздың ізін жалғайтын осындай батыл ұрпағымыз көп болсын.



Майор Ф. БАКЕТОВ.
Суреттер
бөлімшесен.

Байлыныс – әскер негізі

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментінің Байланыс және ақпараттық технологиялар бөлімі аймақтағы шекаралық қауіпсіздік пен ақпараттық тұрақтылықты қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Бөлім шекара қызметін жоғары сапалы байланыс жүйелерімен және заманауи ақпараттық технологиялармен қамтамасыз етіп, облыс көлемінде сенімді және үздіксіз байланыс орнатады.

Бұл бөлім облыстың барлық шекаралық аумағын байланыспен қамтамасыз ету үшін заманауи техникалық шешімдерді қолданады. Жедел хабар алмасу, шекаралық бақылау және үйлестіру жұмыстарын жүзеге асыруда сенімді байланыс жүйелерін орната отырып, бөлімнің шекара қызметкерлері тұрақты және үздіксіз байланыста болуын қамтамасыз етеді.

Байланыс және ақпараттық технологиялар бөлімі шекаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде және байланыс жүйелерін сенімді түрде қолдауда маңызды рөл атқарады. Бөлім заманауи технологияларды енгізіп, шекарадағы байланыс пен ақпараттық жүйелердің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін сақтау бағытында жұмыс істейді. Шекара аймағындағы ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сай жұмыс атқарып, шекара қызметінің жеделдігі мен тиімділігін арттыруға үлес қосады.

Бөлім бастығының міндетін уақытша атқарушы подполковник Серікбай Керімбекұлы Айболов ақпараттық жүйелерін дамыту және байланысты жетілдіру ісін басқаруда. Оның басшылығымен бөлім облыстағы заманауи байланыс құралдарымен қамтамасыз етіп,



ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талаптарды қатаң сақтай отырып жұмыс істеуде. Мәселен, Жамбыл облысында ғана орнатылған көп функционалды «Eltex» атты байланыс құралдарымен мақтана алады.

Сонымен қатар, ақпараттық қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, Байланыс және ақпараттық технологиялар бөлімі деректерді қорғау, шифрлау жүйелерін қолдану және киберқауіпсіздік талаптарын қадағалау бойынша кешенді жұмыстар жүргізеді. Мұның бәрі шекаралық аймақтағы қауіп-қатерлердің алдын алуға, ақпарат алмасу процестерінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге және бүкіл Жамбыл облысы бойынша шекаралық бақылауды күшейтуге бағытталған.



Капитан
А. ЖЕКСЕНБИН.
«OS-ЧР». Суреттерді
түсірген автор.

Офицер абыройы – Отанға адал қызметте

«Офицердің міндеті – елге қызмет, ерлігі – елге тірек болу». Әскери қызметтегі офицер – қоғамдағы ерекше жауапкершілік пен мәртебеге ие тұлға. Қоғамда батырлық пен табандылықтың үлгісі саналатын офицер ел үшін Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің қатарында аянбай абыроймен қызмет етуде. Олар қиын сәтте серіктеріне сүйеніш, ал халқына қорған бола білетін батыл жандар. Әскери өмірдің сынақтарынан сүрінбей өткен офицерлер үшін әрбір сәт – тәжірибе, ал әрбір міндет – борыш болып табылады.

Иә, соңғы уақытта жазбаларым департаментіміздің офицерлері мен олардың абыройлы қызметі туралы болуда. Басшылықтың тапсырмаларын жауапкершілікпен атқарып, абыроймен қызмет етіп жүргенімен, көпшіліктің назарынан тыс қалып жүрген қаншама әскери қызметшілеріміз бар. Олардың еңбегін елге танытып, лайықты құрмет көрсету – маңызды, әрі игі іс деп білемін. Неге сол адал қызметкерлерімізді біздің ведомствалық баспамыз арқылы көпшілікке танытпасқа деген ой маза бермеді. Осыған орай, келесі кейіпкеріміздің қызмет жолы туралы жазып, сіздерге ұсынуды жөн көрдім.

«Офицердің ісі – өнеге, сөзі – үлгі». Осы қанатты сөзбен тұспа тұс келетін ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаменті тыл бөлімінің аға офицері (киім кешекпен қамтамасыз ету бойынша) майор Оспанов Заңғар Пернебаевич туралы болмақ.

Кейіпкеріміздің әскери өмірге келуі

кездейсоқ емес. Ол жас кезінен-ақ ел қорғауды өмірлік мақсат еткен тұлға. Атасы Жахангер Оспанов – Ұлы Отан соғысының ардагері, сол соғыста Отанын қорғаған қайсар батыр болған. Атасының ерлігі мен өр мінезі жас ұланның жүрегіне ерлік пен патриоттықтың отын жақты. Ол атасын үлкен құрметпен тындап, соғыстың ауыр күндері мен жауынгерлердің батырлық істері жайлы оқиғаларды естіп өсті. Атасының өмір жолы мен қажырлы еңбегі жас балаға үлгі болып, оның жүрегінде әскери болуға деген арманын қалыптастырған тұлғалардың бірі. Ел қорғаған батырдың немересі бола тұра, сол дәстүрді жалғастырып, Отан үшін қызмет етуді мақсат еткен ол, атасының жолын қуып, әскери өмірді таңдады. Офицердің бүгінгі абыройлы қызметі – балалық арманы мен атасының үлгісі арқасында жүзеге асқан. Ендігі жерде ол ата дәстүрін жалғастырып, өз ұрпағына да патриоттық пен ерліктің үлгісін көрсетіп жүрген таңдаулы офицер.



Оспанов Заңғар 2013 жылы өзінің мақсаттарын орындау жолында үлкен қадам жасап, «Сағадат Нұрмағамбетов» атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институтын аяқтайды. Бұл кезең оның өміріндегі ең маңызды кезеңдердің бірі болды. Осы оқу ордасында ол тәртіп пен шыдамдылықтың, әрбір әрекеттің маңыздылығын ұғынды. Әскери қызметтің ауыртпашылығына төтеп беруді, әр тапсырманы тыңғылықты орындауды, сонымен қатар рухты қалыптастырудың мәнін түсінді. Оқу орнын тәмамдаған соң, алғашқы қызметін Атырау қаласындағы

2016 әскери бөлімінің киім-кешек қызметінің бастығы ретінде бастайды. Келесі жылы, 2014 жылы, Бейнеу қаласындағы 2087 әскери бөліміне ауысып, сол жерде бес жыл бойы абыроймен қызмет атқарады. Қазіргі таңда ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаменті тыл бөлімінің аға офицері лауазымында қызмет атқарады. Отбасында үш баланың бақытты әкесі және аяулы жар. Өз отбасын береке мен татулықтың ұясы етіп отырған өнегелі азамат. Оның отбасында әрбір балаға жеке көңіл бөлініп, олардың қабілеттерін дамытуға ерекше назар аударылады. Үлкен ұлы Аңсар Пернебай сурет өнеріне жақын болып өсіп, республикалық деңгейдегі көркем сурет байқауларында жұлделі орындарды иеленіп жүр.

Қорыта айтқанда, кейіпкеріміздің өмір жолы – елге деген адал қызмет пен отбасына деген шексіз қамқорлықтың үлгісі. Әскери өмірдің қатаң тәртібі мен ауыртпашылығына қарамастан, ол ата-сынан дарыған батырлықты жалғастырып, Отан қорғау жолында аянбай еңбек етіп келеді. Балаларының бойына патриоттық рух пен еңбекқорлықты сіңіруді міндеті деп санайтын ол, отбасында өзара сыйластық пен бірлікке ерекше көңіл бөледі. Осындай азаматтарымыз арқасында Отанымыздың қорғаны мықты, болашағы жарқын болады деп сенім білдіреміз.



Аға лейтенант
Ә. ТӨЛЕБАЙ,
«OS-ЧР». Суретті
түсірген автор.

Қаржыгерлердің төл мерекесі

Қазақстанда жыл сайын 15 қараша ұлттық валюта – теңге күні және еліміздің қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі тойланады. Бүгінгі таңда теңге – тәуелсіздіктің экономикалық негізі, егемендіктің символы, мемлекетіміздің тарихы мен болашағының толыққанды бөлігі.

Шекара қызметінің қаржылық қамтамасыз ету бөлімі – шекарадағы қызметкерлердің күнделікті жұмысын қамтамасыз ететін маңызды құрылым. Әрбір айдың белгіленген күніне жететін еңбекақы – тек қаржылық төлем ғана емес, сенімділік пен құрметтің символы. Әр отбасын асырап отырған әскери қызметкер үшін еңбекақы – тіршілік қазынасы, ал оны дер кезінде жеткізу – есепші үшін адалдықтың, жауапкершілік пен шынайы кәсіби абыройдың көрінісі.

Көптеген балаға тән армандар уақыт өте келе өзгереді, бірақ кейбір жандарда сол бала күнгі мақсаты тұрақты қалпында қалады. Мұндай табандылықтың жарқын мысалы ретінде шекара қызметінде қызмет етуді бала кезінен армандап,

оны мақсатқа айналдырған азаматтардың өмір жолын айтуға болады. Осындай жауапкершілігі мол қызметтің тәжірибелі маманы ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаменті қаржылық қамтамасыз ету бөлімшесінің бастығы **подполковник Ақжан Асқарбеков**.

«Мен үшін жетістік – жеке құрамның жалақысы мен мерекелік сыйақыларының уақытылы шоттарына түсуі. Әр айдың белгіленген күнінде әрбір әскери қызметкердің еңбекақысы толықтай жетуі – тек қаржылық операция ғана емес, әр отбасының тіршілігіне тыныс беру, сеніміне демеу болу. Бұл жерде әр сан, әр есеп – құр сандардың жиынтығы емес, қызметкердің алдағы күнге деген үміті, бала-шағасының ырзығы мен отбасылық жылылықтың кепілі, есепші үшін ешбір марапатпен өлшенбейтін шынайы жетістік», - дейді подполковник Ақжан Асқарбеков.



ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Жамбыл облысы бойынша департаментінде ісіне адал, жоғары кәсібилігімен ерекшеленетін, мемлекет алдындағы міндетін абыроймен атқарып жүрген маман **майор Нұржан Қыдырбаев**. Қаржылық қамтамасыз ету қызметінің көптеген қиындықтары

мен ерекшеліктеріне қарамастан, ол әрқашан ең тиімді шешімдер таба біледі. Оның басқаруындағы бөлім қаржының дұрыс жоспарлануын, бөлінуін және мақсатты түрде пайдаланылуын бақылап, әрбір теңгенің мақсатты жұмсалуды қадағалайды. Осылайша, майор Нұржан Қыдырбаевтың басшылығымен Жамбыл облысындағы Шекара қызметінің бюджеті тиімді әрі үнемді түрде қолданылады. Нұржан Наматиллаевичтің тағы бір маңызды қыры – жас мамандарға тәлімгерлік етуі. Ол өзінің мол тәжірибесі мен кәсіби білімін жас қызметкерлерге үйретуге әрдайым дайын. Жас мамандарға деген қамқорлығы мен оларға көрсететін қолдауы арқылы шекара қызметінде жас буынның кәсіби түрде қалыптасуына көмектесіп келеді. Бұл – шекара қызметінің болашақта да жоғары деңгейде дамуы үшін өте маңызды.

Еліміздің қауіпсіздігі мен қаржылық тұрақтылығына өз үлесін қосып жүрген Абай облысы бойынша департаменті қаржылық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы **майор Аскар Иржанов**. Өз ісіне жауапкершілікпен қарап,



қаржы мәселелерінде жоғары кәсібилікті көрсетеді. Өз қызметі туралы былай дейді: «Шекара қызметінің қаржылық қамтамасыз етілуі – елдің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын сақтаудың маңызды бөлшегі. Біз қаржы ресурстарын тиімді басқарып, шекарашылардың қажеттіліктерін уақытылы қамтамасыз ету арқылы олардың қызметін жоғары деңгейде атқаруына жағдай жасаймыз. Бұл – мен үшін үлкен жауапкершілік пен мақтаныш». Отбасында да бақытты әке, сүйікті жар ретінде танымал Аскар Камсызбайұлы жары екеуі екі ұл тәрбиелеп отыр. Қызмет пен отбасын ұштастыра отырып, жастарға үлгі болуда. Майор Иржанов сияқты мамандардың арқасында шекара қызметінің қаржылық жүйесі нығайып, еліміздің шекаралары берік қорғалуда.

ҚР ҰҚК ШҚ «Алматы» шекаралық бақылау басқармасы қаржылық қамтамасыз ету тобының бастығы **майор Алмас Әділғажы** мемлекетіміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жауапты қызмет атқарып жүрген білікті маман. Бала кезінен шекара қызметінің формасын киюді армандаған кейіпкеріміз, орта білімді тәмамдағаннан кейін Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің жоғары оқу орнында білім алады. Әскери қызметі 2027 әскери бөлімінде қаржы бөлімінен басталды. «Ұлттық валюта – Теңге күнімен және Қазақстан Республикасы қаржы қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен құттықтаймыз! Бұл күн Қазақстан тарихындағы атаулы күндердің бірі, ал, Теңге – біздің ел Тәуелсіздігі мен мемлекеттілігінің басты белгісіне айналды. Қымбатты қаржыгерлер, Сіздерді Ұлттық валюта және кәсіби мерекелеріңіз құттықтай отырып, ел мүддесі жолындағы еңбектеріңізге табыс, мықты денсаулық, отбастарыңызға амандық тілеймін!», - деп майор Алмас Әділғажы тілегін білдірді.



Қазіргі уақытта ҚР ҰҚК Шекара қызметі Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің қаржылық қамтамасыз ету бөлімшесін **аға лейтенант Карлыға Кибашева** басқаруда. Қаржылық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы ретінде ұйымдастырушылық қабілеттілігі жоғары, жүктелген міндеттерді шешуге шығармашылық көзқараспен қарай-



желерге жетіп келеді. Басшылық тараптан қызметтік жауынгерлік іс-қимылдардың міндеттерін мінсіз атқарғаны үшін бірнеше рет марапатталған. Бірақ та басты жетістік ол емес дейді. Ең бастысы әрбір әскери қызметкер, оның отбасы – есепшінің өз қызметіндегі басты байлық, ал олардың ризашылығы – оның ең бағалы марапаты.



Бүгінгі таңда үздік қаржыгерлердің қатарында Шекара қызметінің Қостанай облысы бойынша департаментінің қаржылық қамтамасыз ету бөлімше бастығының міндетін уақытша атқарушы **лейтенант Лариса Фирсова** лайықты түрде ерекшеленеді. Лариса Владимировнаның шекаралық өмірбаяны 2014 жылдан «Солтүстік» өңірлік басқармасында қаржы бөлімі бастығының көмекшісі лауазымына Шекара қызметімен келісім шартқа қол қойып, өзін Отанға қызмет етуге арнауды шешкен кезде басталды. Содан бері ол мемлекеттік қызметте жоғары көрсеткіштер көрсетіп, мемлекет игілігі үшін тынымсыз еңбек етіп келеді. Жұмыстың оң нәтижесі әртүрлі қаржы органдарының бірнеше рет тексерілуімен расталған. Айта кету керек, лейтенант Лариса Фирсова қызметкерлеріне кәсіби деңгейде жетекшілік етіп, оларға бағыт-бағдар беріп отырады. Сонымен қоса, шекара департаментінің аумақтық бөлімшелерінің арасында қаржылық қамтамасыз ету мәселесінде сенімді көшбасшы.

Осындай сенімділікті ақтап, алғысқа бөленген қаржыгерлерді кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтап, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз!



Майор Ж. КЕМЕЛ,
«OS-ЧР». Суреттер
департаменттерден.

Отанға қызмет етудің үлгісі

Прапорщик Уазырханов Төлеубек Кенесханович 1977 жылы 5 қазан күні Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Біржан ауылында дүниеге келген. Ол көп балалы отбасынан шыққан, үйінде 6 бала тәрбиеленген. Әкесі ветеринар болып, анасы ауыл мектебінде математика пәнінің мұғалімі қызметін атқарған. Отбасы мүшелері білімге, әсіресе математикаға қызығушылық танытқан, олар әрдайым бір-біріне қолдау көрсетіп, көмек қолын созып жүреді. Төлеубектен басқа балалардың бәрі білім саласында мұғалім болып қызмет етеді.



Төлеубек мектеп бітіргеннен кейін Дәулет Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің "Автомобиль және әуе-айлақ жолдарын салу" факультетінің құрылыс инженері мамандығын тәмамдады. 2000-2001 жылдары Семей қаласындағы 01735 әскери бөлімде «кіші медицина мамандарының сани тарлық нұсқаушысы» болып Отан алдындағы борышын өтеді.

2002 жылы шекара қызметіне келісім шарт бойынша кірді. Өскемен қаласындағы 2034 әскери бөлімнің коменданттық бөлімшесінде кіші бақылаушы-қызметтік иттердің нұсқаушысы болып қызмет атқарды. 2003 жылдың ақпан айында "Ауыл" (теміржолдық) шекара бақылау бекетінде қызметтік иттердің нұсқаушысы ретінде жұмысын жалғастырды.

2007-2009 жылдар аралығында "Ауыл" (автомобильдік) шекара бақылау бекетінде бақылаушы, ал 2009-2011 жылдары Қайрақ (автомобильдік) шекара бақылау бекетінде бақылаушы болып қызмет етті. 2011-2019 жылдар аралығында "Ауыл" (автомобильдік) шекара бақылау

бекетінде, 2019-2024 жылдар аралығында "Ауыл" (теміржолдық) шекара бақылау бекетінде бақылаушы ретінде қызмет етіп, зейнетке шықты.

Төлеубек қызмет барысында көптеген шекара бұзушыларды ұстаған. Оның естеліктерінде есірткі затын Мемлекеттік шекарадан өткізбекші болған шекара бұзушылардың жолын кескені, сондай-ақ экономикалық контрабандамен айналысатын тұлғаларды ұстағаны ерекше орын алады.

Отбасылық өмірінде Төлеубек Еркенова Балжан Төлеумухамедовнамен некеге тұрып, бірге өмір сүріп келеді. Балжан да шекара қызметінде қызмет атқарады. 2005 жылы ҚР ҰҚК ШҚ Әскери институтында 1 жылдық офицерлік оқуын бітірген соң, "Ауыл" (теміржолдық) шекара бақылау бекетінің офицері лауазымында қазіргі таңға дейін жұмыс істейді. 2013 жылы Төлеубек пен Балжан некеге тұрып, Кеңесхан Амир Төлеубекұлы атты 10 жастағы ұлдары бар. Амир де ата-анасы сияқты шекарашы болсам деп армандайды.

"Ауыл" (теміржолдық) шекара бақылау бекеті 2003 жылы ашылып,

Ауыл стансасында орналасқан. Бұл бекет құрама-қалқан модульдардан тұрады. Прапорщик Уазырхановтың қызметтестерімен қарым-қатынасы өте жақын, олар бір-біріне қолдау көрсетіп, қиыншылықтарды бірге бөліседі. Тұрмыстық жағдайлары қиындау болған кездерде, олар бір отбасы ретінде бірге өмір сүріп, бір-біріне көмектескен.

Төлеубек Кенесхановичтің өмірі мен қызметі Отанға адал қызмет етудің үлгісі болып табылады. Оның еңбек жолы мен отбасылық құндылықтары жастарға үлгі боларлықтай.



Лейтенант
Е. КАЙРТАЙ,
«OS-ЧР». Суретті
түсірген автор.

Ердің өлшемі - еңбек

«Болар баланы жасынан таны» дейді қазақта. Осылайша, аузынан сөзі, иығынан бөзі түсіп тұрған жастарды өр де шапшаң, ақылды да тіл алғыш болғанын қалап, ерте жастан танитынға ұқсайды. Себебі, еңбекке төселіп өскен жанның үлкен өмірден белгілі бір кәсіптің нағыз маманы болып шығары сөзсіз.

Бүгінгі кейіпкеріміз ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының «Екіаша» шекара бөлімшесінің әскери қызметшісі аға нұсқаушы ефрейтор Еламан Төлепбеков. Мектеп кезінде сабаққа да, үй жұмысына да үлгеріп жүретін болашақ шекарашы спортты да жанына серік етті. Еркін күрестен аудандық, облыстық жарыстарда бақ сынап, жүлделі орындардан көрінді. Алматы облысының 58 келі салмақ дәрежесінде үш дүркін чемпионы.

9 сыныпты бітірген бойда «Есептеуіш техникаға қызмет көрсету» мамандығын алу үшін Талдықорған қаласындағы колледждердің біріне оқуға түседі. Зерек студент оқу орнын қызыл дипломмен бітірді.

Отан алдындағы қасиетті борышын Қарағанды қаласында ҚР ІІМ Ұлттық ұланы 6505 әскери бөлімінде өтеді. Әскери жолды біржолата таңдап, 2018 жылы «Екіаша» шекара бөлімшесіне келісімшарт бойынша радиотелефоншы лауазымына әскери қызметке орналасты. Қазіргі кезде аға нұсқаушы міндетінде шекарашылар сапында абыроймен қызмет атқарып жүр. Өткен жылы Қарой кинологиялық орталығында «Үздік кинолог» атағына ие болды.



үлгісін көрсетіп жүрген аға нұсқаушы ефрейтор Еламан Төлепбеков әрі үлгілі әскери қызметші, әрі ұжымының мақтанышы.

Шекара нарядында болған кезінде екі шекара режимін бұзушылардың жеке бастырын дәлелдейтін құжаттарының жоқтығын анықтаған. Ал «Шолғын» шекара нарядының құрамында жүргенде дәрілік шөпті заңсыз жинап жүрген отандастарымызды құрықтауға қатысты.

2023 жылы Қарой кинологиялық орталығында Ховард қызметтік күшігі бекітілді. Төрт айлық күшікті барлық пәрмендерді екі етпей тыңдауға үйрететті. Кездескен қиындықтарды талмай жасалған жаттығу арқылы жеңді. Қызметтік итті толықтай үйретіп, сынақты «өте жақсы» деген бағаға тапсырды. Қазіргі кезде төрт аяқты досымен күнделікті қызметке шығып жүр.

Қажырлы еңбектің нақты үлгісін көрсетіп жүрген аға нұсқаушы ефрейтор Еламан Төлепбеков әрі үлгілі әскери қызметші, әрі ұжымының мақтанышы.

Майор М. ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР». Сурет шекара
бөлімшесінен.

ҮГІТ-НАСИХАТ

Өмір жолындағы сәттілік

Жүрек қалауымен таңдаған мамандық иесі қашанда өз ісінің шебері, әрі білгірі болып, қашанда сұранысқа ие болып жатады. Кез келген мамандықтың өзіндік ерекшеліктері мен талаптары болады. Таңдау жасау барысында мамандыққа сұраныс пен оның беделі, жалақы сияқты маңызды жайттарды ескеру қажет.

Осы жолда ҰҚК Шекара қызметінің қару-жарақ департаментінің офицерлері шекара шебін техникалық профилді офицерлер құрамымен толықтыру жұмыстары аясында Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің әскери кафедрасының студенттерімен кездесті. Басты мақсаты – университет қабырғасын аяқтаған соң, шекара қызметіне орналастыру бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу еді.

Шекара қызметінің офицерлері шекара қызметінің



әскери қызметшілері мен олардың отбасы мүшелеріне берілетін әлеуметтік пакет туралы айтты.

Полковник Джамбул Кишкимбаев әңгіме барысында студенттерге шекара қызметінің қалыптасу тарихына, әскери қызметшілер мәртебесінің артықшылықтарына, жалпы шекара қызметінің даму перспективаларына қысқаша экскурсия жасады. Кездесу барысында студенттермен әңгімелесіп, олардың жасын, қай өңірден екенін сұрап, еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі лауазымдарда қызмет еткен жеке тәжірибелерімен бөлісті. Студенттер әңгімеге белсене қатысып, қойылған сұрақтарға жауап берді.



сонымен қатар жалақы, қызмет ету шарттары және болашақ перспективалары туралы сұрақтар қойды.

Шекара қызметі қару-жарақ департаментінің бастығы полковник Берик Макешовтың айтуынша, бұл шара жастарды әскери-патриоттыққа тәрбиелеуге және халықтың әскерге деген сенімін арттыруға бағытталған.

Студенттер шекара қызметіне жұмысқа орналасу шарттары мен әскери қызметтің артықшылықтарымен танысты. Әскери кафедра бастығы полковник Т.Дуламбаев, орынбасары полковник Б.Қасымқанов, сонымен қатар профессорлық құрам кездесуді ұйымдастырғаны үшін шекпршыларға алғыстарын жеткізді.

Іс-шара әскери жоғары оқу орындарына түсу және әскери қызметтің артықшылықтары туралы толық ақпараттан тұратын арнайы әзірленген брошюраларды таратумен аяқталды.

Майор Ж. КЕМЕЛ, «OS-ЧР»,
Суреттер Қару-жарақ департаментінен.

Шекараны күзету – Отан алдындағы абыройлы міндет

«Еліміздің тыныштығы, бірлігі мен бейбітшілігі кетпесін» – деп, қырағылықпен күзетіп жүрген шекарашылар тәуелсіз еліміздің тірегі. Жаңа буын батыр, ержүрек шекарашыларымыз аталарымыз бен әкелеріміздің ел шебін қорғау жолындағы батылдық рухы мен бай тәжірибелерін санасына сіңіріп, лайықты түрде жалғастырып келеді. Еліміздің тыныштығын қорғап жүрген шекарашыларымыз келер жас ұрпаққа үлгі-өнеге көрсетуде. Солардың ішінде шекара бөлімшелерімізге жүктелген жүк өте ауыр. Сондай ауырлыққа төтеп беріп жүрген ҰҚК Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаментіне қарасты «Жамбыл» шекара бөлімшесіне іс-сапармен ат басын бұрған болатынбыз.

Заманның ағымы бір орында тұрмайтындығы бәрімізге белгілі. ҚР ҰҚК Төрағасының 2020 жылдың 10 ақпанындағы бұйрығымен Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаментіне қарасты, Әйтеке би ауданы, Жамбыл ауылында «Жамбыл» шекара бөлімшесінің ірге тасы қаланған болатын. Күні бүгінге дейін еліміздің шекара шебіндегі Мемлекеттік шекарасын күзету ісін абыроймен өтеп келе жатқан бөлімшесінің тарихта алар орны бөлек.

Жасылқұнқағарлыларымыз тек шекара шебін күзетіп қана қоймай, ауыл тұрғындарымен де қарым қатынастары өте тығыз байланыс

орнатқан. Ауыл тұрғындарының шекарашыларға деген сенімдері өте жоғары. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 тамыздағы «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының аумағын қорғауға азаматтарды тарту Ережесін бекіту туралы» Қаулысын іске асыру үшін ауқымды жұмыстар қолға алынған. Осы мақсатта құрылған ерікті сақшылар шекарашылармен бірлесіп, түрлі алдын алу шараларына белсене атсалысып келеді. Шекара шебін кесіп өтуге ынталанған заң бұзушыларды іздеуге, жолына бөгет болуға тигізетін көмектері де орасан.

«Жамбыл» шекара бөлімше-



сінің жеке құрамы арасында жауынгерлік достық өте жақсы деңгейде, жауынгерлік даярлықтары да жоғары екенін жалпы спорттық жұмыс барысында дәлелдеді, осы жайтты көре тұра шекарашыларымызға неге сенім артпасқа. Әрине, «білекті бірді жығады білімді мыңды жығады» демекші, білектің күшіне сеніп қалуға да болмайды. Шекара сақшылары білімдерін күнделікті арттырып отырады, қосымша сабақтар мен жаттығулар өткізіліп тұрады. Ағымдағы жылдың қызметтік және жауынгерлік іс-қимыл қорытындысы бойынша үздік деп танылғаны жөніндегі марапаттау дипломы, әскери және құқықтық тәртіпті нығайтудағы жоғары көрсеткіштері үшін алған марапаттары, оқудан, спорттан жеңіп алған медальдар мен кубоктар тұрған қабырға бұрышы сөзіміздің дәлелі. Жеке құрамның барлығы да өз істерінің шеберлері.

Қаншама жылдар бұрын бекітілген шекарамызды шекара сақшылары қырағылықпен күзетіп жүр. Осындай әскери қызметшілердің артында тіреу болып, қолдау білдіріп жүрген бөлімше бастығының тәрбиелік, идеологиялық жұмысы жөніндегі орынбасары аға лейтенант Мырзахан Қанатбек Ержанұлының да еңбегі зор. Мектеп қабырғасында оқып жүрген кезінде-ақ, офицер болуды армандаған. Алматы облысы, Қарасай ауданы, Абай ауылында орналасқан «Абай» орта білім беру мектебінің 2016 жылғы, ҰҚК Шекара академиясының 2021 жылғы түлегі. Бөлімше бастығының орынбасары лауазымына тағайындалғанына көп бола қоймаса да, өз біліктілігінің арқасында жеке құрам көптеген нәтижелерге қол жеткізіп үлгерген. Бүгінгі күні сапта тұрған әр шекара сақшысына үлгі бола білуде. Ал мұндай офицерлермен бірге қызмет атқаратын жеке құрам осал болуы мүмкін емес. Себебі офицерлер олар үшін үлгі болып қана қоймай, күнделікті жұмыс барысында ақыл мен кеңес берер басшылар. Таудың берік сақшылары аталған шекара ұжымының шығар биігі әлі алда. Себебі олар қырағы қызметімен бағаланған ұжым.

Алғашқы офицерлік жолын Ақтөбе облысы Шалқар ауданындағы «Құланды» шекара

бөлімшесі бастығының орынбасары лауазымынан бастаған. Бұл оның офицерлік мансабындағы ең алғашқы қадамы еді. Осы күнге дейін бойына жинақтаған білімін дамыта отырып біраз тәжірибе жинақтаған.

«Жеке құрамның ауызбіршілігі мен ұйымшылдығына ризамын. Жауынгерлік дайындықтары, шекара кезекшіліктеріндегі ерліктері келешек жас буынға үлгі болып қалатыны сөзсіз. Сондай алдыңғы қатардағы ержүрек еліміздің патриоттары жөнінде бөліссем деп едім. Ефрейтор Аслан Сагинтаев Мемлекеттік шекараны қырағылықпен күзетіп, заң бұзушының алдына тосқауыл болған. Спортшыларымыздың да жетістіктері аз емес, спорт шеберіне үміткер Нұртуған Құлмановты қалай айтпасқа. Өз білімі мен шекара күзетінде оң нәтиже көрсетіп жүрген ефрейтор Азамат Сәдірбай сынды адал шекарашымыз бар. Тек біліктілер мен мықтылардан құралған бөлімше. Өз міндеттеріне үлкен жауапкершілікпен қарайтын, мемлекеттік шекараны қырағылықпен күзетіп жүрген шекарашылар. Шекараны күзету – Отан алдындағы абыройлы міндет» – деп, Қанатбек сөзін жеке құрамының жетістіктерімен ұйымшылдығын айтып, ағынан жарылды.

Жамбыл шекара бөлімшесінің әскери қызметшілерінің ерен еңбектері мен қызметтік жолдағы жұмыстары осымен шектеліп қалмайды. Алдағы уақытта да жақсы нәтижеге жететініне кәміл сенеміз.



Лейтенант
Ж. ШАРМАКОВ,
«ОС-ЧР». Суретті
түсірген автор

Бармағынан бал тамған



ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Аманжол» шекара бөлімшесінің аспазы қатардағы жауынгер Бауыржан Сидалы солардың қатарынан. Бір қызығы, жас жігіттің меңгерген мамандығы да, сүйікті ісі де бір. Аспаздық. Әскерге дейін Алматы қаласындағы технологиялық-экономикалық колледжді бітіріп, осы мамандығы бойынша алып мегаполистегі мейрамханалардың бірінде аспаз болып жұмыс істеп те үлгеріпті.

«Бес саусақтың бірдей болмайтыны» секілді, әрбіріміздің мінезіміз бөлек, таңдаған мамандығымыз басқа және сүйікті ісіміз де бір-біріне ұқсамайды. Тіпті, қаламы қарымды журналистің өзін алып қараңыз, олардың әрқайсысының өзі ұнатқан стилі бар...

Осыны естіген бойда біз алдымен «Мәссаған, мынау деген тамаша ғой!», дедік. Шекара бөлімшесінде мейрамхананың аспазы қызмет атқарады. Аталған шекара басқармасы бастығының орынбасары подполковник Мұратбек Іскендір бізге «Аманжол» шекара бөлімшесінде ас дайындаудың шебері қызмет ететінін айтқан кезде бірден елең ете қалғанымыз да сондықтан еді... Сөйттік те, «аттың басын» еркін қоя берген бізге бірден бас тәрбиеші айтқан шекара бөлімшесімен байланысқа шығып, жұрт мақтаған аспазшымен сұқбаттасу қиынға түскен жоқ.

...Ер Баукеңмен аттас сарбаз әскер қатарына өткен жылдың көктемінде шақырылыпты. Өзі еліміздің оңтүстігіндегі Сарыағаш қаласынан. Көп балалы жанұядан шыққан. Бұл туралы сарбаздың өзі:

- Ата-анам өте қарапайым, еңбекқор жандар. Алтын асықтай алты ұл мен бір қыз тәрбиелеп өсірген ғазиз жандардың шаңырағында мен ұлдан екіншімін, - дейді. Негізі, менің аспаздыққа деген қы-

зығушылығымды әкем оятқан. Бір қызығы, өзі бір көргенін лезде қағып алатын қасиеті бар. «Мынау қалай еді...» деп жатпайды. Дәл сол тағамды айнытпай жасайды. Осыны көргеннен кейін мен де мектептен кейін осы кәсіпті таңдадым. Оқуымды бітіргеннен кейін шлығыс халықтарының тағамдарын дайындайтын мейрамханаға жұмысқа қабылдандым.

- Дәл осы мейрамханадан шекара бөлімшесіне топ ете қалмағаның белгілі. Алдымен техникалық және кәсіби даярлық бөліміне түсіп, мұнда тағы да тәжірибенді шындай түстің, - деп, сарбазды сөзге тарта түстік.

- Әрине, мұнсыз бола ма? Дегенмен, маған мұнда басқа мамандықты емес өзімнің азаматтық өмірден ала келген кәсібімді қайта оқуыма тура келгені бар емес пе? Өкінібеймін, мұнда да үйренгенім аз емес. Бізге өз ісінің нағыз мамандары дәріс беріп еді.

Міне, осылай деп ағынан жарылған Бауыржанның ұнатып істейтін сүйікті ісі

де өзі ұнатқан тағамды асықпай дайындау көрінеді.

- Мен мұнда 40 адамға тағам дайындаймын. Көмекшілерім бар. Шекараға келіп, нан пісірудің шебері болып алдым. Мұнда әсіресе маған арамыздағы туған күн иелеріне арнап, дастархан жайған ұнайды. Ас мәзірін біз бөлімшеміздің тәрбиеші офицерімен ақылдасып отырып жасаймыз. Ал енді мен сізге айтайын, бұл – біз үшін ерекше сәт! Қаруластарыңды қуанту деген!

Арасында өзінің қызметке шығып тұратынын да жеткізген Бауыржан әскерден кейін немен айналысқысы келетінін де сыр ғып жеткізген. Ал сырдың аты сыр. Сондықтан, журналист пен сарбаздың арасындағы сырды суыртпақтап сыртқа шығармай-ақ қоялық... Ең бастысы, Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасында өз ісінің хас шебері қызмет етеді.

Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «ОС-ЧР».
Суретті түсірген автор.

OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті

Меншік иесі:

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі

Редакцияның мекенжайы:

Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63 үй.

Телефондар: Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38

Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57

Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56

E-mail: os-shekar@yandex.kz

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:

gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор: Рахат Нурғалиев

Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин

Тілшілер: Азамат Мұханов, Әсел Бейімбетова,

Жанар Кемел, Олжас Жақсылықов, Аян Қайыр,

Өмірбат Айталі.

Меншікті тілшілер:

Алматы - Тамара Дәулетбаева

Атырау - Бауыржан Қожантай

Ақтау - Асхат Жаналипов

Ақтөбе - Жасұлан Шармаков

Жетісу - Манарбек Қарекенов

Жамбыл - Асыллан Жексенбин

Шымкент - Рауан Нұрмет

Қызылорда - Әкімжан Төлебай

Өскемен - Ғалымжан Бакетов

Семей - Ердос Қайытай

Петропавл - Динара Утебаева

Фототілші: Асхат Сәбиев

Компьютерлік безендіру және беттеуші:

Айдос Қырғызбаев

Корректорлар: Өркен Шопашев, Майра Касенова

Нөмірдің кезекші редакторлары:

майор А.Бейімбетова, капитан О.Жақсылықов

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы даталар мен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді. Газетті есепке қою туралы № 1394-ІІ күшті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі берген. Газет "ОС-ЧР" әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.

Газеттің апталық таралымы – 2613 дана. «Имприм» ЖШС баспаханасында басылды. Астана қаласы, А.Жұбанов көшесі, 24/1

САРБАЗ ХАТЫ



Жақын күндерде мектептің қалыңы

Қайырлы күн, қадірлі оқушылар! Бүгінгі таңда мектептің қалыңы жаңа бетіне түсірілген көзге көрінетін. Қалай оқушылар қалыңында оқуға келіп отырғандарыңа қызығамын. Бүгінгі таңда мектептің қалыңы жаңа бетіне түсірілген көзге көрінетін. Қалай оқушылар қалыңында оқуға келіп отырғандарыңа қызығамын.

Әке! Анам! Бір күннен бастап мектептің қалыңы жаңа бетіне түсірілген көзге көрінетін. Қалай оқушылар қалыңында оқуға келіп отырғандарыңа қызығамын. Бүгінгі таңда мектептің қалыңы жаңа бетіне түсірілген көзге көрінетін. Қалай оқушылар қалыңында оқуға келіп отырғандарыңа қызығамын.

Әке! Анам! Бір күннен бастап мектептің қалыңы жаңа бетіне түсірілген көзге көрінетін. Қалай оқушылар қалыңында оқуға келіп отырғандарыңа қызығамын. Бүгінгі таңда мектептің қалыңы жаңа бетіне түсірілген көзге көрінетін. Қалай оқушылар қалыңында оқуға келіп отырғандарыңа қызығамын.

Әке! Анам! Бір күннен бастап мектептің қалыңы жаңа бетіне түсірілген көзге көрінетін. Қалай оқушылар қалыңында оқуға келіп отырғандарыңа қызығамын. Бүгінгі таңда мектептің қалыңы жаңа бетіне түсірілген көзге көрінетін. Қалай оқушылар қалыңында оқуға келіп отырғандарыңа қызығамын.

Салтанаттық шаралар өткізілді.
Республикалық «Алаш» байрағын
ҚР Шекара қорының Алаш облыстық басқармасына
тапсырды. Алаш облыстық шекара басқармасынан
Құрметті шекара басқармасына

«Палуанға оң-терісі бірдей...»

Әскери қоян-қолтық ұрысы – жекпе-жектің әлемдік түрлерінің арсеналынан (қолмен, аяқпен, баспен соққы беру техникасы, күрес техникасы, ауырсыну техникасы) көптеген функционалды элементтерді біріктіретін қорғаныс және шабуыл тәсілдерін оқытудың әмбебап жүйесі. Нақты жауынгерлік іс-әрекетте сыналған. Жауынгерлік жекпе-жектің заманауи және қарқынды дамып келе жатқан түрі. Толық контактілі жекпе-жектер арасында танымал.



ҚР Қорғаныс министрлігіне қарасты 40398 әскери бөлімінде Ұшарал гарнизоны бастығының кубогіне арналған әскери қоян-қолтық ұрыстан жарыс өтті. Аталған жарысқа ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының әскери қызметшілері қатысты. Төртінші темір жолы сайыпқырандар спорт өнеріне сегіз салмақ бойынша сынға түсті.

Айта кетерлігі, аталған спорттық сайыс екі жылдан бері жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді. Ұшарал гарнизоны бастығының ауыспалы кубогын 2022 жылы Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының әскери қызметшілері ұтып алса, 2023 жылы 40398 әскери бөлімінің әскери қызметшілері жеңіп алған болатын.

Жиналған жұртшылықтан ауыспалы кубокты осы жылы мықты командалардың қайсысы алады екен деген толға-

нысты байқау қиын емес еді...

«Палуанға оң-терісі бірдей» демекші, жиырма шақты алакөлдік шекара сақшысы қатысқан тартысты доданың нәтижесі жасыл күнқағарлылардың басым түсуімен аяқталды. Шекарашылар тоғыз команданың ішінен оза басып, бірінші орынды иеленді.

Ендігі кезекте әр салмақта жеңістің тұғырынан көрінген әскери қызметшілерімізге тоқталайық.

57 келі салмақта қоян-қолтық ұрыстан спорт шеберіне үміткер ефрейтор Әсет Ахметбеков, 62 келіде қатардағы жауынгер Ұлан Шабданов жеңімпаз атанса, осы салмақта екінші орынды қатардағы жауынгер Бекасыл Ысқақов иеленді. 73 келі салмақта майор Сағидолдаұлы Алмас бірінші орынның тұғырынан көрінді. 80 келі салмақта ефрейтор Ержан Жабайханов екінші орынды, 88 келіде қоян-қолтық ұрысынан спорт шебері кіші

сержант Ербол Тұңғатаров бірінші орынды ұтып алды.

97 келіде кіші сержант Ұлан Әлекеев бірінші орынды, кіші сержант Ерасыл Баянбаев екінші орынды иеленді.

+97 келі салмақта қоян-қолтық ұрысынан спорт шеберіне үміткер сержант Ербол Борашев бірінші орынның тұғырынан көрінді.

Жарыстың негізгі мақсаты – спорт арқылы әскери ұжымды біріктіру және әскери ұжымдар арасынан үздік жауынгер атағына үміткерлерді анықтау болып табылады.

Жалпы жүз шақты жауынгер қатысқан жарыста байқағанымыздай жоғары көрсеткішпен шекара сақшыларының бағына бабының сай келгені көрініп тұр!



Майор
М. ҚАРЕКЕНОВ,
«ОС-ЧР».
Сурет шекара
басқармасынан.

ФОТОЭТЮД



Қазақтың
жеті қазынасы
құмай тазы әлемдік
тренде



Суреттерді
түсірген капитан
О.Жақсылықов

